

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 949 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері
» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат) мынадай өзгерістер
мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы
министрлігі туралы ережеде:

16 - тармақта:

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«35) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтердің (улы химикаттардың) қорын құру және сақтау тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

170) тармақшаның он төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың құнын;»;

мынадай мазмұндағы 404-1) және 404-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«404-1) мақта нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асырады ;

404-2) шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісін анықтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

17 - тармақта:

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25) Қазақстан Республикасында және басқа да мемлекеттерде карантинді объектілердің болуы мен таралуы, оларға қарсы күрес жөніндегі шаралар мен іс-шаралар туралы дерекқор құрады, ақпаратты ресми интернет-ресурста орналастырады және сұрау салу бойынша оны мүдделі адамдарға береді;»;

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«40) уәкілетті ұйымда импорттық себу материалдары мен отырғызылатын материалдардың карантинді объектілермен және бөтен текті түрлермен жасырын залалданған-залалданбағанын зерттеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды ; » .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
К.Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК